



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ**

# **2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫН АЯҚТАУ ТУРАЛЫ**

# ОҚУ ЖЫЛЫН АЯҚТАУ

## 9, 11 сыныптардың қорытынды бітіру емтихандары

### 9 СЫНЫП

**288 780** оқушы

#### Қорытынды бітіру емтихандары

**2-13 маусым**

- оқыту тілі  
(қазақ/орыс/ұйғыр/өзбек/тәжік тілі)
- математика (алгебра)
- қазақ тілі мен әдебиеті/орыс тілі мен әдебиеті
- таңдау пәні

### 11 СЫНЫП

**153 810** оқушы

#### Мемлекеттік бітіру емтихандары

**5-19 маусым**

- оқыту тілі  
(қазақ/орыс/ұйғыр/өзбек/тәжік тілі)
- алгебра және анализ бастамалары
- Қазақстан тарихы
- қазақ тілі мен әдебиеті/орыс тілі мен әдебиеті
- таңдау пәні

Білім беру ұйымдарында жалпы орта білім туралы аттестаттарды тапсыру ағымдағы жылғы **20-22 маусым аралығында** жүргізілуі тиіс.

# 11 (12) СЫНЫПТАРДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА

**05**

**маусым**

Оқыту тілі бойынша жазбаша емтихан қазақ /орыс ұйғыр/тәжік/өзбек

Емтихан жұмысы 2 бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім екі мәтінмен жұмыс жасауды қамтиды (мәтіндердің жалпы көлемі – 600-650 сөз). Екінші бөлімде ЖМБ сыныптарда білім алушылар бір жазбаша жұмыс орындайды– эссе (200-250 сөз). ҚГБ сыныптарда білім алушылар 200-250 сөзден тұратын жазбаша жұмыс (мақала, эссе, көпшілік алдында сөйлеу, рецензия және басқалар) жазу ұсынылатын үш тапсырманың ішінен бір тапсырманы таңдайды. Жоғары балл-**40**.

**08**

**маусым**

Алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан

Емтихан жұмысы 2 бөлімнен тұрады. А бөлімінде ұсынылған бес жауаптың ішінен бір дұрыс жауапты таңдайтын 15 тапсырма бар. Тапсырмалар 1 балмен бағаланады. В бөлімінде қысқа немесе егжей-тегжейлі жауаптарды қажет ететін 10-12 тапсырма бар. Тапсырмалар 2-8 балмен бағаланады. Жоғары балл-**60**

**12**

**маусым**

Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан

Емтихан билеттер бойынша өткізіледі. Барлығы 30 билет, әр билетте білім алушылар ауызша жауап беретін үш сұрақ беріледі. Жоғары балл-**30**

**15**

**маусым**

қазақ тілі мен әдебиеті/орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан

Емтихан жұмысы екі бөлімнен тұрады. Тапсырмаларда төрт қысқа мәтін бар, олардың жалпы көлемі 400 сөзден аспайды. Жоғары балл-**40**

**19**

**маусым**

таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика)

Емтихан жұмысы 2-3 бөлімнен тұрады: ұсынылған жауаптардың ішінен бір дұрыс жауапты таңдайтын тапсырмалар; Қысқа немесе егжей-тегжейлі жауаптарды қажет ететін 4-5 тапсырма; шағын зерттеу

# «АЛТЫН БЕЛГІ» БОЙЫНША ӨЗГЕРІСТЕР

«Алтын белгі» аттестатын алуға үміткерлер үшін «Алгебра және анализ бастамалары» пәні бойынша қорытынды аттестаттауды НЗМ-де өткізу туралы норма алынып тасталады.



Жалпы орта білім туралы «Алтын белгі» аттестаты және «Алтын белгі» белгісі осы талаптарға сай келетін 11-сынып оқушыларына беріледі:



Министрдің бұйрығымен қорытынды аттестаттаудан босатылған жалпы білім беретін пәндер бойынша соңғы үш жылдағы халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары болып табылатын «Алтын белгі» аттестатын алуға үміткерлерге жалпы орта білім туралы «Алтын белгі» аттестаты беріледі.



11-сыныптың барлық білім алушылары қорытынды аттестаттауды оқитын орны бойынша мектептерде өтеді.

5-11 сыныптардағы барлық пәндер бойынша жылдық және қорытынды бағалары «5» болған;  
орта білім туралы Үздік аттестат алған;  
10-11 сыныптардағы барлық пәндер бойынша тоқсандық бағалары «5» болған;  
жалпы орта білім беруді аяқтағаннан кейін қорытынды аттестаттаудан «5» бағасына өткен білім алушыларға.

Бұған дейін жалпы орта білім туралы «Алтын белгі» аттестатын алу үшін қорытынды аттестаттауға қатысу міндетті болатын.

# «АЛТЫН БЕЛГІ» белгісіне үміткерлер

Білім басқармасы жанындағы Комиссияның құзыретіне «Алтын белгі» аттестатын алуға үміткерлердің Қағидалар талаптарына сәйкестігін анықтау енгізілді.

Наурыз айында өңірлердің білім басқармасы және білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету жөніндегі аумақтық департаменттер жанындағы емтихан комиссиясы жүргізген мониторингтен кейін үміткерлер саны 529 білім алушыға қысқарды.

№	өңір	желтоқсан	наурыз	сәуір	динамика (наурыз айымен салыстырғанда)
1	Абай	162	180	179	-1
2	Ақмола	223	297	244	-53
3	Ақтөбе	427	531	529	-2
4	Алматы	574	658	679	21
5	Атырау	140	212	167	-45
6	ШҚО	235	325	287	-38
7	Жамбыл	242	310	304	-6
8	Жетісу	291	291	267	-24
9	БҚО	227	253	255	2
10	Қарағанды	153	183	147	-36
11	Қостанай	109	159	122	-37
12	Қызылорда	531	596	574	-22
13	Маңғыстау	129	145	149	4
14	Павлодар	198	243	192	-51
15	СҚО	94	121	109	-12
16	Түркістан	1139	1457	1336	-121
17	Ұлытау	61	96	84	-12
18	Алматы қ.	356	441	423	-18
19	Астана қ.	209	367	288	-79
20	Шымкент қ.	312	316	317	1
	Республика б-ша	5812	7181	6652	-529

Қазақ тілі бойынша емтихан білім алушылардың бағдарламалар мазмұнын меңгеруін бағалау мақсатында негізгі орта (5-8 сыныптар), жалпы орта (10 сынып) деңгейінде академиялық жыл аяқталған кезде қазақ тілінде оқытатын мектептерде «Қазақ тілі» пәні бойынша және қазақ тілінен басқа тілде оқытатын мектептерде «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша МЖМБС-қа (тыңдалым (тыңдау), айтылым, оқылым, жазылым) сәйкес жазбаша және ауызша нысанда өткізіледі.

Емтиханды өткізу уақыты білім беру ұйымының педагогикалық кеңесімен айқындалады, тапсырмаларды академиялық адалдық қағидаттарын сақтай отырып, педагогтер құрастырады және білім беру ұйымының әкімшілігі бекітеді.

«Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша қорытынды баға емтихан (бес балдық шкала бойынша) және жылдық бағалау (бес балдық шкала бойынша) нәтижелері негізінде 30-дан 70-ке дейін пайыздық арақатынаста қойылады. Қорытынды бағалау ең жақын бүтінге қарай дөңгелектеледі.